

# Кәсіпкерлік капитал көздері

Орындаған:Марат.Д

Тексерген: Хусаинов.Б.М

# Капитал

(нем. *Kapital*, ағылш. *Capital*, лат. *Capitalis* – басты нәрсе, басты мүлік, негізгі қаржы)

табыс әкеле алатын нәрселер. Өндіру, қызметтер көрсету үшін жасаған ресурстар, қосымша құн әкелетін құн;

Табыстың жұмыс істеп тұрған қайнар көзі, іске қосылған өндіріс құрал-жабдығы, ақшалай қаражат, зияткерлік меншік

Капитал айналымының жалпы формуласы мынадай:

$$A-T-A';$$

$$A'=A+DA,$$

DA – ақша өсімі.

# Капиталға беретін екі негізгі анықтама



— капитал деген құрал жабдықтар жиынтығы («Заттық» концепция);

— Екі жақ та капитал шаруашылықта пайда табу үшін («Монетарлық» концепция) алады дейді.

# Кәсіпкерлік капиталдың қалыптасуы

Іс-әрекеттерінің қандай мерзімінде болмасын, кәсіпкер инвестициялар жасап отырады, олардың сипаты мен көздері іс-әрекеттің кезеңіне тәуелді болады.

Кәсіпкерлік бизнесті ұйымдастыру :


*Старттық капитал*

*Жарғы капитал*

# ЖАРҒЫ КАПИТАЛЫ

Фирманың негізгі және айналмалы қаражаттарының қайнар көзі. Жарғы капиталының көлемі өндіріс процесіне инвестицияланған ақша қаражаттарының негізгі және айналмалық көлемін бейнелейді.

## *Жарғы капиталының қайнар көзі*



# Старттық капитал

---

Кәсіпкерлік бизнесті ұйымдастырудың бастапқы кезеңінде капиталдың алғашқы салымын жасау керек. Старттық капитал деп өндірістің бастапқы кезеңінде жасалатын капиталдың алғашқы сомасы мен ағымдағы шығындар сомасының жиынтығы аталады.

---

*Старттық алғашқы капитал кәсіпорның тіркеуге, банкте есепшот ашуға, ғимарат сатып алуға немесе оны жалға алуға, жабдықтар, лицензиялар сатып алуға жұмсалады. Ағымдық шығындарға шикізат пен материалдар, жалдау төлемі, жалақы, әлеуметтік қорларға аудармалар және т.б. жатады.*

# Меншікті және несиелік құралдар

- ❖ *объективтік* — кәсіпкерліктің ұйымдастыру — құқықтық формасымен, шаруашылықтың және нарықтың конъюктурасымен, ұлттық экономиканың болмысы және дамуымен, мемлекеттік реттеуші органдарының талаптарымен;
- ❖ *субъективтік* — кәсіпкерлік қабілетпен, кәсіпкердің жағдайымен және оның жеке мүмкіндіктерімен.

Меншікті қаражаттардың қайнар көздеріне мыналар жатады: негізгі қызметтерден түсетін пайда, қаржылық операциялардан түсетін пайда, жарғылық қор, амортизация қоры және т.б.

Несиелердің қайнар көздері: несиелер мен қарыздар, тұрақты пассивтер және несиелік қарыздар.

# Несиелер түрлері

## Қысқа мерзімді қарыздар

Қысқа мерзімді қарыздар жалақы төлеуге, шикізат алуға немесе дайын тауарларды сату үшін, күнделікті шығындарды өтеуге қолданылады.

Жиі қолданылатындары:

- *Коммерциялық несие — бір кәсіпорын екіншіге береді;*
- *Қаржы институттарынан алынатын несие;*
- *Инвесторлардан алынатын қарыз.*

## Ұзақ мерзімді қарыздар

Ұзақ мерзімді қаржыландырудың көзіне бөлінбеген пайда, акциялар мен облигацияларды сату және ұзақ мерзімді қарыздар жатады.

Ұзақ мерзімді заемдар — бір жылдан артық пайдаланатын қаржылар.



# Сырттан қаржыландыру

**Несие** — бұл қарыз капиталының қозғалу нысаны, ол қайтарылып беріледі және иесіне пайда әкеледі.

Қарыз капиталының қайнар көздері:

- ❖ *рантьелердің капиталы;*
- ❖ *көпшілікгің жинақтары;*
- ❖ *бюджеттік қалыстар;*
- ❖ *кәсіпорындарының бос капиталы;*
- ❖ *тауарлық несие түрінде көшіп отыратын капитал;*
- ❖ *банкнота шығарудан пайда болған капитал.*

Несиенің болуы өндіріс процесінің үзілмей жүруіне көмектеседі.

# «Капиталдар нарығы» түсінігіне анықтама

Өндіріс факторлары нарығында капитал құндық өлшеміндегі физикалық капитал түсініледі: станоктар, машиналар, т.б.

Капиталдар нарығының негізгі субъектілеріне бизнес және хаусхолд сферасы жатады.

Физикалық капиталдың фирма меншігіне айналуына, оның уақытша пайдалануға берілуіне байланысты, төлемдер екі түрге бөлінеді: капитал қызметтерінің толымсыздығы (пайдалану бағасы) үшін төлем және капиталдық активтер (сатып алусату бағасы) үшін төлем болып белінеді.

Қаржы нарығында капитал – ақша капиталы түсініледі.

Қарыз капиталдарының нарығы ақша нарығына және капиталдар нарығына бөлінеді.

Ақша нарығы мерзімі бір жылға дейінгі банк операцияларын жүргізумен байланысты болады. Капиталдар нарығы банктің орта мерзімді және ұзақ мерзімді операцияларына қызмет етеді.

Қаржы нарығының субъектілеріне банктер және олардың клиенттері (ипотека нарығындағыдай), қор биржалары жатады, операциялардың объектілеріне жеке кәсіпкерлердің және мемлекет институттарының құнды қағаздары жатады.

# Капиталдар нарығының инструменттері

- *статусы (акция, немесе облигация);*
- *меншік типі (жеке, немесе мемлекеттік);*
- *іс – әрекет ету мерзімі;*
- *өтімділік дәрежесі;*
- *қауіпқатер сипаты (банкроттық немесе нарықтық) және қауіпқатер дәрежесі (қатерлі, аз қатерлі, қатерсіз).*

# Облигация

Ірі корпорациялардың көбі облигация шығарудан қосымша қаражаттар табады.

**Облигация** — бұл құнды қағаз. Ол оның иесінің белгілі көлемде ақша сомасын кәшшорынға өткізгенін куәлайды. Осы ақша оған белгілі мерзімде қайтарылуы керек және ол оған жылына бір немесе екі рет процент алуына құқық береді.

Корпорация үшін облигацияларды сату инвестициялар тартудың қолайлы формасы:

Бұның себептері:

- *Бұнда несие, бірақ қоғамнан алынатын;*
- *банкі сияқты, облигацияға процент көбінесе жылына екі рет төленеді (купондық төлем),*
- *ұзақ мерзім, әдетте 10 жыл (кейде 30 жыл) өтеу мерзіміне дейін.*

Банкінің несиесінен облигация шығару ұнамды, бірақ банкілікпен салыстырғанда бұның проценті жоғары болуға тиісті, өйткені басқаша болса облигацияны ешкім сатып алмайды. Корпорациялардың облигациясы, әдетте номиналына сәйкес сатылатын, борышқорлық қолхат болып табылады.

# Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1) Мизамбекова Ж.К. Кәсіпкерлік бизнесті басқару және ұйымдастыру, Оқу құралы – Астана:2016
- 2) Интернет желісі: [kk.m.wikipedia.org](http://kk.m.wikipedia.org)
- 3) «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, IV том
- 4) Банк терминдері мен ұғымдарының қазақша-орысша сөздігі. / Ғ. Сейіткасымов, Б. Бейсенғалиев, Ж. Бекболатұлы — Алматы: Экономика, 2006. ISBN 9965-783-20-9
- 5) Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 569 б. ISBN 9965-808-89-9